

\*М.С. Алшынбекова  
Н.З. Жуманбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
\*Байланыс үшін автор: madok.17@mail.ru

## Фразеологиялық семантика когнитивтік лингвистика призмасы арқылы

**Аңдатпа.** Фразеология бүгінде лингвистиканың өзекті салаларының бірі. Мақалада отандық және шетелдік фразеологияның өзекті мәселелеріне тоқталып, ғылыми нәтижелері талданылады.

Салыстырмалы фразеология саласындағы көптеген зерттеулерге қарамастан, фразеологиялық бірліктердің семантикасы когнитивтік фразеологияда жаңа аспектіде зерттеліп одан әрі осы бағытты дамытуға ықпал етеді.

Фразеология мен мәдениет сабақтастығының жаңа бағыттарын игеруге мүмкіндік беретін әдістерді енгізу қазіргі фразеологияның лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеудің негізгі міндеттері болып табылады.

Әр түрлі тілдердің фразеологизмдеріне салыстырмалы зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін және белгілі бір ұлттық мәдениетке ие фразеологиялық белгілерді құрудың амбебап және айрықша ерекшеліктерін анықтауға бағытталған әдістерді енгізу өзекті болып отыр.

Фразеологиялық бірліктердің семантикалық құрылымы күрделі көп өлшемді конструкция ретінде жан-жақты талдауды талап етеді. Мағынаның көпөлшемділігі көп жағдайда фразеологизмдердің таңбалық қызметі мен семантикалық құрылымның әрбір макрокомпонентінен берілетін ақпараттардың өзара байланысуынан көрінетін олардың семантикасының кешенді сипаты жайлы мәселені шешуді болжайды.

Әсіресе, фразеологизация деген атаумен белгілі фразеологизмнің жаңа семантикасы пайда болу процесін зерттеу өзекті болып отыр. Мақалада фразеологизация процесін зерттеуге шолу жасалынып, фразеологияның динамикалық аспектісі көрсетілді және осы процесінің негізгі бағыттары жүйеленді.

**Кілт сөздер:** жалпы фразеология, когнитивтік фразеология, фразеологиялық семантика, фразеологизация процесі, фразеологиялық бірліктер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-139-2-112-121>

### Кіріспе

Қазақстан лингвистикасы шетелдік тіл білімінде дамып жатқан жаңа бағыттармен сипатталады. Сонымен бірге қазіргі уақытта жаңа лингвистикалық парадигмалар пайда болып жатыр. Тілді жан жақтан сипаттау,

оны глобалды коммуникация құрал ретінде көрсету мақсатпен лингвистикада полипарадигмалды бағыт орын алады [1]. Сондықтан тіл мен мәдениеттің байланысын, тіл арқылы атқарылатын коммуникативтік, прагматикалық, образдық функцияларды зерттеу үшін жаңа лингвомәдениеттану, когнитивтік

лингвистика, этнолингвистика деген бағыттар және лингвистикалық көкжиектер берік орынға ие болады.

Қазіргі тілтанымда “лингвомәдениетанудың сипаттары мен ерекшеліктеріне қарай сезімдік-эмоциялық әсер беретін коммуникативтік-прагматикалық аспектіде когнитивті фразеология белең алды” деп қазақ фразеологы Ғ.Смағұлова бекер жазған жоқ [2, 5 б.].

Тіл білімінің саласында фразеология ерекше пән ретінде саналады. Ал когнитивтік фразеология жеке пән ретінде өзінің мақсаттарын, міндеттерін, әдіс-тәсілдерін саралап полипарадигмалды бағытқа ие болады.

Когнитивтік фразеологияның ең күрделі мәселесі – фразеологизмдердің семантикасын талдау және сипаттау әдісін қалыптастыру болып табылады. Тұрақты тіркестердің семантикасы ерекше күрделі болғандықтан жан-жақтан зерттеу кешенді талдауды қажет етеді. Семантиканың көп өлшемділігі көбіне фразеологизмнің таңбалық функциясы және семантикалық құрылымның әрбір макрокомпонентінен туындайтын ақпараттың өзара байланысы арқылы көрінетін, мағынаның кешенді сипаты жайлы мәселені шешуді болжайды.

Таңбалық мағынасы аспектісінде қарастырсақ қазақ, ағылшын, қытай фразеологизмдер адамның іс-әрекет образын, сезім жағдайын, қарқындылық деңгейін көрсетеді, мысалы: іс-әрекет образын- бармағын тістеу (шайнау)[3,60 б.] (ауыспалы мағынасы: өкіну), тілі таңдайына жабысып қалу) [3,57б.] (ауыспалы мағынасы: шошу/кенеттен/), to get off one's boots [4] (сөзбе-сөз: -өзінен етікті шешу; ауыспалы мағынасы: ашулану), see red [4] (сөзбе-сөз: қызылды көру; ауыспалы мағынасы: ашуға булығу); 冠冕堂皇[5,51] (ауыспалы мағынасы: қоразданып айбар шегу, қоқыланып қожандау); 愁眉不展[5,25] (ауыспалы мағынасы: қайғыдан қабағы ашылмау, қабағы қарс түсу; сезім жағдайын- көңілі жер болу) [3,41 б.] (ауыспалы мағынасы: уайымдау), көңілі қалу(қайту) [3,47], (ауыспалы мағынасы: ренжу), a face as long as a fiddle [4] (сөзбе-сөз: беті скрипка сияқты ұзын; ауыспалы мағынасы: көңілсіз көріну), in black mood

(сөзбе-сөз: қара көңіл-күйде; ауыспалы мағынасы: жаман көңіл-күйде болу); 悲天悯人 [5,8] (ауыспалы мағынасы: мұңлық, зарлық); 悲欢离合[5,8] (ауыспалы мағынасы: қайғы мен қуаныш, мң мен ляззат); қарқындылық деңгейін- еңкілдеп жылау)[3,64 б.] (ауыспалы мағынасы: жылау), бода -бода боп жылау)[3,63 б.] (ауыспалы мағынасы: жылау), someone's blood is up [4] (сөзбе-сөз: біреудің қаны жоғары көтерілді, ауыспалы мағынасы: ызалану), be for blood [4] (сөзбе-сөз: қанға дайын болу; ауыспалы мағынасы: біреуге ыза болу); 吃二遍苦 [5,24] (ауыспалы мағынасы: азапты үсті үстіне шегу).

Сөйтіп, фразеологизмдер мағына білдіруші объектінің өзін ғана емес, сонымен бірге осы объектіге қатысты субъектінің қарым-қатынасын белгілік алмастыру функциясында орындайды. Бұл тұрғыда фразеологиялық бірліктер денотативтілікке қарағанда көп жағдайда коннотативті, эмотивті, бағалауыштық қасиетке және т.б. ие. Фразеологиялық ірліктердің белгілік функциясы тек объективті шындыққа ғана қатысты емес, сонымен бірге субъективті шындыққа да қатысты байқалады. Сөйлеуші субъектінің бағалауыштық әрекетінен, әлемді бейнелі-ассоциативті қабылдауынан, оған деген эмотивтілі қарым- қатынасынан көріне отырып фразеологиялық бірліктердің семантикалық құрылымында субъективті шындық басым болады. Осы белгілердің барлығы мазмұнның көп өлшемділігін көрсетеді.

Фразеологиялық бірліктердің көпөлшемділігі объективті және субъективті шындықтың бастапқы жағдаятының көрінісі ретінде фразеологиялық бірліктер семантикасының құрылымында сақталып қалған образдың болуымен де түсіндіріледі. Кейде ол образдар тіпті ойдан шығарылған, «фантастикалық» болуы да мүмкін. Мысалы: жаны мұрнының ұшына келді [1,185 б.]- қатты қорықты, көзден бұлбұл ұшты [1,254 б.]- қайта келмеді, көзбен жеді [1,253]- тесіле карады, көзінен от шашты [1, 262 б.]- ашуланды, ызаланды, кісі жұтып қойғандай [1,298 б.]- әдемі,сұлу, it's raining cats and dogs [2] (сөзбе-сөз: мысықтар мен иттер жауып жатыр)-жаңбыр өте қатты жаууда, when pigs fly [2] (сөзбе-сөз: шошқалар ұшқанда)-ешқашан.

«Сонымен, фразеологиялық бірліктердің негізгі мақсаты- нақты бір бірліктерді таңдау арқылы өзі меңзеп отырған шындыққа қатысты сөйлеушінің эмотивті-бағалаушытық қарым-қатынасын өзін қоршаған шындықты және ұқсастықтың айқын көрінісін тудыра отырып, коммуникаттардың эмоционалдық аясына әсер ету арқылы мазмұнның қабылдануын жақсартатын, бұл өз кезегінде экспрессиялық әсер туғызатын ассоциативті- образдылы кешенді көрсете отырып білдіруі» [6, 34 б.].

Мысалы: екі ортаға жік салу ) [3,15 б.] – дау-дамайды өршіте түсу, жел беру. Адамдар арасындағы қиын жағдайды, ұрысты, жанжалды өзінің сөзімен, ісімен одан сайын қиындатып, өршітіп жіберген адамға қатысты құптамау мағынасында қолданылады. Көңілге қаяу түсіру / дақ/ салу//түсіру)[3,60 б.] -басқа адамды ренжіткенде, қолданылады.

Сөйтіп, фразеологизмдердің көп өлшемді семантикалық құрылымын талдау үшін денотативті ақпаратпен бірге оның экспрессивті көрінісі де қажет: фразеологизмдер табиғатынан экспрессивті болып келеді. Экспрессивтілік өз кезегінде ішкі форманың ассоциативті-образдылығының, бағалаушытық қасиетінің, эмотивтілігінің, сонымен бірге стилистикалық бояуының және т. б. қосылуынан, өзара байланысынан туындайды.

Фразеологиялық бірліктердің семантикалық құрылымын көптеген ғалымдар әр түрлі компоненттер тұрғысынан сипаттайды. Солардың ішінде А.В.Кунин, В.Н.Телия, Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б. секілді ғалымдардың зерттеулерінде денотативті, коннотативті, сигнификативті, құрылымдық, этномәдени, грамматикалық, бағалау, уәждемелік, эмотивті, стилистикалық макрокомпоненттер бөлініп шығарылған [7, 8, 9, 10 ].

Жалпы фразеология мәселелерімен айналысатын шетелдік ғалымдардың зерттеулері фразеологизмдердің күрделі семантикасын анықтағанда жаңа әдіс енген. Зыкова И.В. фразеологиялық семантиканы лингвомәдениеттану теорияның аясында қарастырған кезде «макрометафорлық концептуалды модель» және «фразеологиялық креативтілік» деген жаңа ұғымдар пайда болды.

Бұл ұғымдар фразеологияның мәдени ерекшеліктерін салыстырмалы –салғастырмалы зерттеудегі тәжірибені жаңа фактілермен толықтыруға мүмкіндік береді. Олар мәдениеттің концептосферасы мен табиғи тілдің фразеологиялық ішкі жүйесінің терең байланыстарын анықтайды, фразеологиялық белгілерді жүйелік өндіруге және дискурстық қалыптасу процесіне коммуникативті бейімделуіне әсер ететін мәдени концептосфераның рөлін ашады, фразеологиялық бірліктердің қалыптасуы мен жұмыс істеу процестерінің мәдени детерминизмі туралы ғылыми идеяларды кеңейтеді [7, 181-196 б.].

И.В.Телия идеясының ізбасары И.В.Зыкованың пікірі бойынша, фразеология мен мәдениет сабақтастығының жаңа бағыттарын игеруге мүмкіндік беретін әдістерді енгізу қазіргі фразеологияның лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеудің негізгі міндеттері болып табылады. Әр түрлі тілдердің фразеологизмдеріне салыстырмалы зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ететін және белгілі бір ұлттық мәдениетке ие фразеологиялық белгілерді құрудың әмбебап және айрықша ерекшеліктерін анықтауға бағытталған әдістерді енгізу өзекті болып отыр.

Қазақ тілі білімінде фразеология дербес ғылым саласы ретінде әлі де зерттеле беретіндіктен, басқа да көптеген ұғымдардың енуі, қалыптасуы заңдылық және әлі де шешілмеген мәселелер бар. Оның біреуі туыс емес тілдердегі фразеологизмдердің күрделі мағынасын қалай зерттеу, қандай әдістер қолайлы болатыны, жаңа ұғымдардың фразеологияда өз орнын табуы. Сондай-ақ, фразеологизмнің қалыптасу процесін зерттеу қазіргі таңда өзекті болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

Тақырыпты қарастыруда талдау, жинақтау, салыстыру әдіс ұстанымдары негізге алынады.

### **Талқылау**

Фразеологизмнің қалыптасу процесін зерттеген ғалымдардың саны көп емес. Оның ішінде А.В.Кунин, А.Э.Черникова, Е.С. Лопес

еңбектеріне сүйене отырып фразеологизация процесі деген түсінікке тоқталайық. Жыл сайын тілдегі фразеологиялық бірліктердің қоры дамып, толықтырылып отырады. Сөйлеудегі фразеологияның таралуы оған динамикалық, үнемі өзгеріп тұратын сипат береді.

А.В.Кунин фразеологизация процесіне мынадай анықтама берген: «Это образование фразеологических единиц и устойчивых сочетаний нефразеологического характера в результате постепенного процесса приобретения теми или иными сочетаниями слов всех элементов фразеологической устойчивости или всех элементов устойчивости нефразеологического характера» Фразеологизация - это особый лингвистический процесс образования устойчивых сочетаний слов, основанный на сравнении, метонимии, метафоре, эвфемизме, гиперболе. В результате данного процесса относительно устойчивые сочетания слов стабилизируются и закрепляются в речи [8,36 б.].

Кешенді белгілер ретінде қарастырылатын фразеологиялық бірліктерді талдаудың динамикалық аспектісі А.Е. Черникованың диссертациясының негізінде жатыр [11].

Фразеологизация процесі белгілі бір заңдарға, белгілі бір модельдерге сәйкес пайда болмайды. Фразеологизацияның негізі-еркін фразаның сема компонентінің жиынтығы қайта түсіндіріліп, фразеологиялық бірліктерді құрайтын компоненттердің мағыналарымен семантикалық түрде байланысты фразеологизм процесінде пайда болатын туынды мағынаны білдіреді. Бұл процесте шешуші рөлді фразеологизация моделінің ядролық мағыналары атқарады, бұл дифференциалды немесе потенциалды сема, ол логикалық сипаттау жүйесіндегі негізгі белгі болып табылады.

Мысалы, *laisser passer l'averse* – «жақсы өзгерістерді күтіңіз, күте тұрыңыз» деген фразеологиялық бірлікте, фразеологизация моделінің ядролық мағынасы ретінде *averse* – «қиындық» атты семаның мағыналық компоненті болып табылады. Мұндай сема негізгі компонентпен, қалыптастыру бөлігімен, сондай-ақ, оларды қайта қарастырудың нәтижесі болуы мүмкін [11, 44-45 б.].

Зерттеуші «табиғат» фразеолекса бар фразеологиялық бірліктерге назар аударады, фразеологиялық модельдеудің семантикалық және құрылымдық принциптерін іздеумен байланысты фразеологияны зерттеудің динамикалық аспектісін қарастырады. А. Е. Черникова фразеологиялық бірліктердің қалыптасуын когнитивті лингвистика тұрғысынан зерттейді, бұл кешенді белгінің вербализация процесстерінің жүйелік сипатын бақылауға мүмкіндік береді.

Семантикалық өлшемге сүйене отырып, ғалым фразеологиялық бірліктерді фразеологизация механизмі бойынша бөледі:

- фразеологиялық бірліктер моделінің ядролық мағыналарының локальдық арақатынасы;
- фразеологиялық процестің ядролық мағыналарын семантикалық белгілері бойынша анықтайды және жіктейді;
- «табиғат» өрісінің лексикалық-семантикалық топтарына құрылымдық талдау жүргізеді;
- фразеологизмнің негізгі компонентінің мағынасын өзгеру парадигмаларын қарастырады және мұндай мағынаның эксплицит дәрежесі туралы сөз етеді;
- фразеологиялық бірліктер немесе фразеологиялық тұтастық жолындағы фразеологизация процесінің бағытын анықтайтын когнитивтік себептерді зерттейді;
- фразеологизмнің композициялық потенциалын талдайды және оның компоненттерінің кореференттілік дәрежесін қарастырады.

Сонымен, қалыптасқан критерийлерге сәйкес фразеологиялық бірліктердің модельдерін жүйелейді.

Е.С. Лопезтің «Phraseologization as a process of semantic change» атты мақаласында [12] бұл процесс қалай дамидыны ерекше болып табылады. Біріншіден, ғалым фразеологизмдердің синхронды тұрғыдан фразеологиялық мағынасы қалай өзгередіні анықтайды, фразеологиялық бірліктердің мағынасы өзгередіні процесін және механизмдерін сипаттайды.

Екіншіден, когнитивті диахрондық лингвистика мағыналық өзгеру процесі мен меха-



низмдерін қарастырып осы өзгеріске әкелетін жолдарын зерттейді.

Е.С. Лопезтің мақсаты фразеологиялық мағынаның пайда болуын түсіндіру. Ол үшін грамматикализация мен фразеологизацияны салыстырып, фразеологиялық бірліктердің мағынасын өзгеріске әкелетін механизмнің жаңа рөліне ерекше назар аударады.

Зерттеушінің пікірінше, фразеологизация деген еркін сөз тіркестің фразеологиялық бірлікке айналғанға дейін барлық өзгерістерден өтіп идиомаға айналатын процесс. Фразеологизация тұрақты фразеологиялық бірлікке (таза идиомаға) айналғанға дейін еркін фразаға әсер ететін барлық өзгерістерден тұрады.

Е.С. Лопез грамматикализация мен фразеологизацияны салыстарғанда көптеген ұқсастықтар кездеседі, бірақ айырмашылықтары да бар.

Лингвисттің пікірінше фразеологизация процесі төрт деңгейден тұрады.

1. Free word combination фраза болады. (Бірінші кезең: сөздердің еркін тіркесімі (бастапқы кезең)).

2. Restricted word combination (Екінші кезең: шектеулі сөз тіркесімі (байланыстырушы контекст)).

3. Phraseological Unit with figurative meaning. (Үшінші кезең: ауыспалы мағынасы бар фразеологизм (контексті ауыстыру)).

4. Frozen Phraseological Unit (Төртінші кезең: Тұрақты Фразеологиялық бірлік (конвенционализация)).

Зерттеуші фразеологизация процесін және фразеологиялық бірлігінің өзгеру механизмін бір идиома мысалында көрсетеді. Фразеологиялық бірліктің өзгеретінін каталан тіліндегі идиома *al peu de la lletra* (тура мағынасында хаттың соңында) арқылы көрсетті.

Бірінші кезеңде (сөздердің еркін тіркесімі) осы сөз тіркес еркін сөз тіркесі болып табылады. Каталон тілінде *Al peu de* - ағылшынша *at the foot of* (тура мағынасы таудың етегінде).

Екінші кезеңде (шектеулі сөз тіркесі (байланыстырушы контекст)) осы фраза *al peu de [a legal document]* құжаттарда қолданыла бастады.

Үшінші кезең: ауыспалы мағынасы бар фразеологизм (контексті ауыстыру). Бұл

деңгейде оны фразеологиялық мағынасы бар шектелген сөз тіркесі ретінде қарастыруға болады. Тілдің тарихы мен эволюциясына байланысты мағына өзгереді. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда бұл ауысу контексті болады.

Төртінші кезең: Тұрақты фразеологиялық бірлік (конвенционализация). Фразеологизацияның соңғы кезеңінде фразеологиялық бірлік бекітіледі, тұрақтанады.

Диахрондық тұрғыдан алғанда, фразеологиялық бірлік қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар уақыт өте келе фразеологиялық өзгеріс процесін түсіндіре алады. Бұл өзгеріс процесінен тарихи және тілдік өзгеріс полилексикалық лингвистикалық элементке әсер ететінін көрсетеді. Зерттеуші Дрэгер (2012) бұл процесі ұсынған фразеологиялық өзгерістердің үш деңгейіне және олардың өзара әрекеттесуіне негіздеген. Сонымен қатар, Тимофеева (2012) сипаттаған фразеологиялық мағына компонентін басшылыққа алған [12, 172 б.].

Зерттеуші Е.В. Елисееваның пікірі бойынша, фразеологизация-бұл құбылыс, процесс және оның нәтижесі деп, фразеологизацияны эволюциялық процесс жөнінде қарастырып, оның үш кезеңін көрсетеді:

1) фразеологиялық тіркестердің грамматикалық қайта құрылуын анықтайтын фразеологиялық семантиканы қалыптастыру;

2) фразеологиялық бірліктердің категориялық тұрақтылық пен репродуктивтіліктің белгілерін фразеологиялық бірліктермен алу, өзіндік синтагматикалық және парадигматикалық қатынастарды қалыптастыру, тілдің фразеологиялық жүйесіне ену;

3) тілдегі тұрақты тіркесімді тілдік бірлік - фраземалар ретінде бекіту.

Әр кезең Е.В. Елисееваның көрсеткендей бірнеше сатыдан тұрады.

Бірінші кезең - фразеологиялық семантиканың қалыптасуы-алты сатыдан тұрады:

1) идеалды сезімдік-ойлау мазмұнының пайда болуы және оны фразеологиялық бейнелеуге дайындау;

2) тілдік санада жанама туынды номинацияның көмегімен вербализацияны қажет ететін қайта ойластырылған шындықтың фрагменті-

не сәйкес келетін кескін жасайтын фразеологиялық генотипті құрылымдау;

3) өндірушіні таңдау - еркін синтаксистік үйлесім, - қалыптасатын фразеологиялық семантикада типтік денотативті жағдайды көрсететін белгілі бір коммуникативті маңызды идеяны қалыптастыратын кескін көзі ретінде қызмет етеді;

4) объективацияланатын ойлау мазмұнының еркін синтаксистік прототиптің лексикалық-грамматикалық құрамымен сөйлеу-мағыналық «байланысы»;

5) когнитивті және тілдік сананың жеке-леген элементтерінің лингвокреативті комбинаторикасы процесінде фразеологиялық мағынаны қалыптастыру;

6) пайда болатын фразалық белгінің формальды-грамматикалық мутациясы.

Екінші кезең үш сатыдан тұрады:

1) Фразеологиялық бірлікті құрылымдық тұрақтандыру, оның құрылымдық тұрақтылығы мен репродуктивтілігіне ие болуы;

2) жеке компоненттердің де, жалпы алғанда фразеологиялық парадигматикалық қатынастарды орнату;

3) ерекше синтагматикалық байланыстарды орнату және фразеологиялық маңызы бар лексика-синтаксистік ортаны қалыптастыру (ілеспе сөздер, нақты семантикалық дистрибуция, синтаксистік қатынастар).

Сонымен, фразеологиялық бірлік көпмағынаны дамыта алады, омонимдік, синонимдік және антонимдік қатынастарға ене алады. Мысалы, фразеологизациядан кейін фразеологизмдер жаңа қайта ойластыру (жаңа мағынамен толтыру) нәтижесінде көпмағынаға ие болады (фразеологиялық мағынаны дәйекті түрде қалыптастыру), мысалы:

1) «прочно, надолго обосновываться где-либо; обзаводиться хозяйством»;

2) «приобретать особую силу, становится постоянным, укореняться» (о чувствах, привычках, каких-либо явлениях). Ср. свободное СС стереть в порошок - «трением измельчить твердое вещество, превратив его в частицы» -

и ФЕ стереть в <мелкий> порошок к о г о - «жестокое, беспощадно расправиться с кем-либо». Глагол стереть в свободном СС не способен управлять родительным падежом одушевленного существительного или личного местоимения, тогда как такое управление становится обязательным для реализации значения ФЕ: [Хирин:] Ежели ты, старая кикимора, не уйдешь отсюда, то я тебя в порошок сотру (А.П. Чехов).

Үшінші, соңғы кезең-фразеологиялық бірліктерді оның жүйелік және жүйелік қасиеттерін біріктіру арқылы тіл жүйесіне енгізу. Фразеологизация процесі тіркесім қалыптасқан семантикалық парадигмасы мен сапалы жаңа дистрибутивтік байланысы бар тұрақты, қайталанатын және тұтас бірлікке айналған кезде аяқталады [13, 228 б.].

## Нәтижелер

Көптеген лингвистерді күрделі мәдени-тілдік табиғаттың белгілері ретінде фразеологизмдер мағынасын қалыптастыратын теория, сонымен қатар И.В. Зыкова [14] ұсынған мәдениеттің әсерінен қалыптасқан фразеологизмдердің пайда болуы мен қызметі, фразеологиялық процестерді зерттеуге бағытталған фразеология саласындағы лингвомәдени талдаудың жаңа әдістері қызықтырады.

И.В. Зыкова ұсынған фразеологиялық мағына теориясы аясында енгізілген «макрометафоралық концептуалды модель» және «фразеологиялық керективтілік», фразеологиядағы лингвомәдени талдау әдісі (фразеологиялық бейненің терең негіздерін лингвомәдени қайта құру әдісі және әр түрлі ақпаратты лингвомәдени декодтау әдісі) сияқты жаңа ұғымдар лингвомәдениеттануда жинақталған фразеологияның мәдени ерекшеліктерін зерттеу тәжірибесін жаңа фактілермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Олар мәдениеттің концептосферасы мен табиғи тілдің фразеологиялық ішкі жүйесінің терең байланыстарын анықтайды, мәдениет концептосферасы фразеологиялық белгілердің қалыптасу процесіне және олардың дискурстық қалыптасу процесіне коммуни-

кативті бейімделуіне ықпал ету рөлін ашады, фразеологиялық бірліктердің қалыптасуы мен жұмыс істеу процестерінің мәдени детерминизмі туралы ғылыми идеяларды кеңейтеді.

Мұндай тәсіл қазақ, қытай және басқа тілдер материалында салыстырмалы аспектіде фразеологиялық мағынаның қалыптасуын зерттеу үшін өзекті және перспективті болып көрінеді. Бұл теория жайлы және фразеологиядағы лингвомәдени талдау туралы мақалада нақтылап көрсетілген.

### Қорытынды

Тіл ұлт мәдениетінің алтын қамбасы. Әсіресе тілдегі фразеологизмдерде ұлттың дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымы молынан сақталған. Сондықтан бір ұлттың тіліндегі фразеологизмдерді екінші бір ұлттың тіліне

ударғанда көптеген қиындықтар кездесетіні сөзсіз.

Фразеологизация құбылысы-сөздерге таратылтын маңызды процестердің бірі, ол семантикалық тұтастық сөздерінің тіркесімдерін алу болып табылады. Осы процестің нәтижесінде сөздердің тіркесімдері тұрақтылыққа ие болады, белгілі бір ұғымды білдіруге дайын өрнектерге айналады. Фразеологиялық бірліктердің пайда болуы мен жұмыс істеуі ана тілдері арасында байланыс орнату қажеттілігіне байланысты.

Фразеологизация процесі жаңадан келген ұғым. Фразеология процесіне қатысты ғалымдардың әр түрлі ойлары болды. Мақалада А.В.Кунин, А.Э.Черникова, И.В.Зыкова, Е.С.Лопездің еңбектерін талдай келе, фразеологизация процесі динамикалық процесс ретінде семантикалық жолында өзгеріске ұшырап отыратынын байқадық.

### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Кубрякова Е.С. Эволюция лингвистических идей во второй половине XX века (опыт парадигмального анализа) Ю.С. Степанов ( под ред.), Язык и наука конца XX века : сборник статей Института языкознания РАН. /Е.С. Кубрякова. - Москва: Российский государственный институт, 1995-432 с.
- 2 Смағұлова Г.Н. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда/ Г.Н. Смағұлова. – Алматы: Елтаным баспасы, 2020.-256 б.
- 3 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Г.Н. Смағұлова. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010.-252 б.
- 4 Oxford learner's dictionary of English idioms / Edited by Helen Warren.— Oxford: Oxford University Press, 1994.— 334 p
- 5 Абдурақын Н. Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі/ Н.Абдурақын.-Алматы: Қазақ университеті, 2012.-178 б.
- 6 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері/ С. Аманжолов.– Алматы: Ғылым, 2002. – 624 б.
- 7 Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка./ А.В. Кунин.-М.:Высшая школа, 1986,- 59 с.
- 8 Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка: Учеб. для ин-то и фак-ов иностранных языков/ А.В. Кунин. - М.:Высшая школа, Дубна: Феникс, 1996. — 381 с.
- 9 Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты/В.Н. Телия.– Москва: Школа. Языки русской культуры, 1996. – 284 с.
- 10 Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б. Современный русский язык. Лексика и фразеология (сопоставительный аспект: Учебник для студентов филологических факультетов и факультетов иностранных языков). 2-ое издание / Ю.П Солодуб., Ф.Б. Альбрехт.- М.: Флинта: Наука, 2003. – 264 с.
- 11 Черникова А.Э. Особенности процесса фразеологизации на базе семантического компонента «природа» во французском языке: дис кандидата филологических наук: 18.04.18 /Воронеж.гос.ун-т. – Воронеж, 2018.-366 с.

12 López E.S. Phraseologization as a process of semantic change, *Catalan Journal of Linguistics*.- 2015, 159-177

13 Елисеева О.В. Механизмы фразеологизации словосочетаний в современном русском языке: дис кандидата филологических наук:10.02.01/ -Волгоград, 2000.-319 с.

14 Зыкова И.В. Теория и методы лингвокультурологического изучения фразеологии // *Przegląd Wschodnioeuropejski* 6/1, 2015 . У1/1. С. 181-196

**M. S. Alshynbekova, N. Z. Zhumanbekova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Phraseological semantics through the prism of cognitive linguistics**

**Annotation.** Currently phraseology is one of the most relevant branches of linguistics.

Today, phraseology is one of the most important branches of linguistics. This article will address the current problems of domestic and foreign phraseology and the scientific results will be analyzed.

Despite numerous studies in the field of comparative phraseology, the semantics of phraseological units is studied in a new aspect of cognitive phraseology and contributes to the further development of this direction.

The priority tasks of the modern stage of linguoculturological research of phraseology include the development of methods that make it possible to identify and grasp new areas of interaction between phraseology and culture.

The relevancy consists in developing methods that allow comparative studies of phraseological units of different languages and methods aimed at discovering the universal and distinctive features of creating phraseological signs imparted to such units by one or another national culture.

The semantic structure of phraseological units as a complex multidimensional system requires complex analysis. The multidimensional nature of meanings often implies solving the problem of the complex nature of their semantics, which is reflected in the interaction of the symbolic function of phraseology and the information provided by each macrocomponent of the semantic structure.

Especially relevant is the study of the process of the emergence of a new semantics of phraseology, known as phraseologization. The article reviews the study of the process of phraseologization, demonstrates the dynamic aspect of phraseology and systematizes the main directions of this process.

**Keywords:** phraseology, phraseologization process, phraseological units, phraseological semantics.

**М.С.Алшынбекова, Н.З. Жуманбекова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Фразеологическая семантика сквозь призму когнитивной лингвистики**

**Аннотация.** Сегодня фразеология является одним из важнейших разделов лингвистики. В данной статье будут затронуты актуальные проблемы отечественной и зарубежной фразеологии и проанализированы результаты научных исследований.

Несмотря на многочисленные исследования в области сравнительной фразеологии, семантика фразеологизмов изучается в новом аспекте когнитивной фразеологии и способствует дальнейшему развитию этого направления.

К первоочередным задачам современного этапа лингвокультурологического исследования фразеологии относится разработка методов, которые позволяют выделить и освоить новые области взаимодействия фразеологии и культуры.

Актуальным становится внедрение методов, обеспечивающих проведение сравнительных исследований фразеологизмов различных языков и направленных на выявление универсальных и отличительных особенностей построения фразеологических признаков, имеющих определенную национальную культуру.



Семантическая структура фразеологизмов требует комплексного анализа как сложной многомерной конструкции. Многомерность значения предполагает решение вопроса о комплексном характере семантики фразеологизмов, который во многом выражается в взаимосвязи символической функции фразеологизмов и информации, передаваемой от каждого макрокомпонента семантической структуры.

Особенно актуальным становится изучение процесса возникновения новой семантики фразеологизма, известной как фразеологизация. В статье проведен обзор исследования процесса фразеологизации, продемонстрирован динамический аспект фразеологии и систематизированы основные направления этого процесса.

**Ключевые слова:** общая фразеология, когнитивная фразеология, фразеологическая семантика, процесс фразеологизации, фразеологизмы.

## References

- 1 Kubryakova E. S. Evoluciya lingvisticheskikh idei vo vtoroi polovine XX veka (opyt paradigmal'nogo analiza) [Evolution of linguistic ideas in the second half of the twentieth century (experience of paradigm analysis)] Yu. S. Stepanov (ed.), Language and Science of the end of the XX century: collection of articles Institute of Linguistics of the Russian Academy of Sciences. (Moscow, Russian State Institute, 1995.-432 p.) [In Russian]
- 2 Smagulova G. N. Kazakh phraseologiyasy lingvistikalık paradigmalarda. [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]. (Almaty, Eltany publishing house, 2020. 256 p.) [In Kazakh]
- 3 Smagulova G. N. Magynalas frazeologizmder sozdigi. [ Dictionary of semantic phraseology]. (Almaty, Eltany publishing house, 2010. 252 p.)
- 4 Oxford learner's dictionary of English idioms / Edited by Helen Warren.— Oxford: Oxford University Press, 1994.— 334 p. [In English]
- 5 Abdurakyn N. Kytai – Kazakh frazeologiyalyı sozdigi. [Chinese-Kazakh phraseological dictionary]. (Almaty, Kazakh University, 2012. 178 p.) [In Kazakh]
- 6 Amanzholov S. Kazakh tili teoriyasynyn negizderi. [Fundamentals of The theory of the Kazakh language]. (Almaty, Nauka, 2002. – 624 p.) [In Kazakh]
- 7 Kunin A.V. Kurs frazeologii sovremennogo angliskogo yazyka. [ Course of phraseology of the modern English language]. (Moscow, Higher School, 1986. 59 p.) [In Russian]
- 8 Kunin A.V. Kurs frazeologii sovremennogo angliskogo yazyka. [ Course of phraseology of the modern English language] (Moscow, Higher School, Dubna: Phoenix, 1996. 381 p.) [In Russian]
- 9 Telia V. N. Russkaya frazeologiya: semanticheskii , pragmaticheskii I lingvokul'turologicheskii aspekty.[ Russian phraseology: Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. (Moscow, School Languages of Russian Culture, 1996. 284 p.) [In Russian]
- 10 Solodub Yu. P., Albrecht F. B. Sovremenniy russkii yazyk. Leksika i frazeologiya(sapostavitel'nyi: uchebnyk dlya studentov filologicheskikh fakul'tetov I fakul'tetov inostrannykh yazykov) vtoroe izdanie. [Modern Russian language. Vocabulary and phraseology (comparative aspect: A textbook for students of philological and foreign language faculties). 2nd edition]. (Moscow, Flinta Nauka, 2003. 264 p.) [In Russian]
- 11 Chernikova A. E. Osobennosti processa phraseologizatsiy na baze semanticheskogo komponenta "priroda" vo francuskom yazyke: dis...kandidata filologicheskikh nauk [Features of the process of phraseologization based on the semantic component «nature» in the French language: dis... of Candidate of Philological Sciences]. 18.04.18 . Voronezh.State uni-ty. Voronezh, 2018. P.366.
- 12 López E.S. Phraseologization as a process of semantic change, Catalan Journal of Linguistics, 2015, 159-177 [in Russian]
- 13 Eliseeva E. V. Mehanizmy phraseologizatsiy slovosochetany v sovremennom russkom yazyke: dis... kandidata filologicheskikh nauk [Mechanisms of phraseologization of word combinations in the modern Russian language: dis... of Candidate of Philological Sciences]. 10.02.01. Volgograd, 2000. P.319.
- 14 Зыкова И.В. Теория и методы лингвокультурологического изучения фразеологии // Przegląd Wschodnioeuropejski 6/1, 2015 . У1/1. С. 181-196

**Авторлар туралы мәліметтер:**

**Алшынбекова Мадина Серікболсынқызы** – филология факультетінің 1 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Жуманбекова Нұркеш Зейнуллақызы** – ф.ғ.к., ассоц. профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Alshynbekova Madina Serikbolsynovna* – 1 year doctoral student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Zhumanbekova Nurkesh Zeinullova* – candidate of philological Sciences, Associate Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.